

Бәйтерек ауданы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 24 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 қаңтарда № 6813 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі №296 "2019 жылға егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5638 тіркелген, 2019 жылы 30 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Бәйтерек ауданы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы (Т.Тулепкалиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Байменовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Токжанов